



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2021 жылдың 6-10 желтоқсан аралығында Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі, Назарбаев Университеті және Сулейман Демирель университетінің ұйымдастыруымен «Бағдарлы тілдік білім: Интеграция. Инновация. Технология» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өткізу жоспарланып отыр.

Семинардың негізгі мақсаты – қазақ тілін ЖОО-да практикалық, кәсіби мақсатта оқытудың өзекті мәселелерін талдау, тәжірибемен бөлісу, қазақ тілін шетелдік азаматтарға оқытудың ерекшеліктері мен тиімді жолдарын қарастыру.

Ғылыми-әдістемелік семинар бес бағытта жұмыс істейді:

1-бағыт. Тілдік білім беру жүйесіндегі нормативтік құжаттар: тұжырымдама, стандарт, типтік бағдарлама. Модуль қазақ тілін оқытуда ұсынылған тұжырымдамалар мен бағдарламаларды таныстыруға бағытталады.

2-бағыт. Бағдарлы тілдік білім берудің елтанымдық және кәсіби құзыреті. Модульде қазақ тілін елтанымдық аспекті, ұлттық дүниетаныммен байланыстыра оқыту және кәсіби құзырет мәселелері қамтылады.

3-бағыт. Тілдік білім берудің халықаралық және отандық тәжірибесі. Модуль мазмұнында спикерлер қазақ тілін оқытуда өздерінің озық тәжірибелерімен бөліседі.

4-бағыт. Тілдік білім беру: қатысымдық құзырет және оны меңгертудегі цифрлық сауаттылық. Модульде қазақ тілін практикалық, кәсіби мақсатта және шет тілі ретінде меңгертудегі білім алушылар бойындағы қатысымдық құзыретті дұрыс қалыптастыру жолдары және цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану туралы айтылады.

5-бағыт. Тілдік білім берудің онлайн және қашықтан оқыту технологиялары. Аталмыш модульде қазақ тілін қашықтан оқытудың негіздері мен қолданылатын онлайн ресурстары ұсынылады.

Форматы: онлайн (ZOOM бағдарламасы); күндері: 6-10 желтоқсан, 2021 жыл. Өтетін уақыты: кешкі 18.00-20.00. Күндіз 14.00-16.50 арасында қатысушылар үшін практикалық сессиясы жұмыс істейтін болады.

Семинар қазақ тілінде өтеді.

Қатысушылары: ЖОО-ның оқытушылары, докторанттары, магистранттары, мемлекеттік тілді оқыту орталықтары мен ғылыми институттар қызметкерлері, болашақ тіл мамандары қатыса алады. Семинарға қатысушыларға 72 сағаттық сертификат беріледі.

Тіркелу және қатысу тәртібі: Семинар жұмысына қатысу – ақылы, әр қатысушыға – 5000 теңге. Семинарға қатысуға ниет білдірушілер **4 желтоқсанға** дейін өтінім парағы мен

төлем жасалғандығы жөніндегі түбіртеккі «Семинарға өтінім және төлем» деп тақырыбын қоя отырып aidar.balabekov@nu.edu.kz поштасына жолдауы тиіс.

Ұйымдастыру комитеті: Назарбаев Университеті, Қазақ тілі және түркітану департаменті, Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі, Сулейман Демирель университеті, Мультидисциплинарлық білім беру орталығы.

Банк реквизиттері:

Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі/Международное объединение преподавателей казахского языка

Нұр-Сұлтан қаласы, 010000, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 53

БИН 171240024773

Кбе 18

ИИК KZ 026017111000023908

БИК HSBKKZKXB АО "Народный Банк Казахстана"

Каспи реквизиттері: 8-778-196-72-42 (Айдар Балабеков)

Байланыс ақпараттары:

Перизат Әжиева: ұялытел.: 8-707-617-96-98, эл.поштасы: perizat.azhiyeva@sdu.edu.kz;

Айдар Балабеков: ұялы тел.: 8-778-196-72-42, эл.поштасы: aidar.balabekov@nu.edu.kz.

СЕМИНАР ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІМІ

1. Тегі, аты-жөні (толық)	
2. ЖОО-ны немесе мекеме (оқу/жұмыс орнының толық атауы)	
3. Ғылыми дәрежесі / ғылыми атағы, қызметі	
4. Байланыс телефоны (халықаралық байланыс кодымен)	
5. Электронды пошта (e-mail)	